**2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысы

РҚАО-ның ескертуі. P031327 қаулысын қараңыз.

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 349, 350, 351, 352-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына 349-қосымша

Ескерту. 349-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.12. N 197в , 2004.12.03. N 197ад қаулыларымен .

502 - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Қазақстан Республикасында заңдардың және заңға бағынышты актілердің дәлме-дәл және бір ізді қолданылуына жоғары қадағалауды іске асыру" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 4515879 мың теңге (төрт миллиард бес жүз он бес миллион сегіз жүз жетпіс тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 22 қаңтардағы Заңы ; "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңы ; "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңы ; "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 1-30-

баптары; "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" (12 тарау) Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 10 желтоқсандағы Заңы ; "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдар жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 28 наурыздағы N 1050 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік жеңіл автомобильдерді пайдалануды ретке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 663 қаулысы ; "Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы күрес бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 31 желтоқсандағы N 1641 қаулысы , Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 534, 537-541-баптары. <*>

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының өздеріне жүктелген функциялардың барынша тиімді орындалуына қол жеткізу үшін қызметін қамтамасыз ету, қылмыстық қудалау саласында алынған халықаралық міндеттемелерді жедел орындау және қамтамасыз ету. <*>

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының орталық аппаратын, облыстық және оған теңестірілген прокуратураларды, Қазақстан Республикасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетін және оның аумақтық бөлімшелерін, С.Есқараев атындағы Заңдылық, құқық тәртібі проблемаларын зерттеу және прокуратура органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институтын ұстау. Прокуратура органдарының қызметкерлерін қажетті еңбек жағдайларымен қамтамасыз ету, шетелде ұсталған Қазақстан Республикасының азаматтарын экстрадициялау саласында халықаралық ынтымақтастықты кеңейту. <*>

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет са. ны N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 001 | | Қазақстан Республикасында заңдардың және заңға бағынышты актілердің дәлме-дәл және бір ізді қолданылуына жоғары қадағалауды іске асыру | | |
| 2 | 001 | Орталық органның аппараты | Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының орталық аппаратына жүктелген функцияларды орындау мақсатында бекітілген 260 бірлікті штаттық лимитіне сәйкес, тиісті норматив бойынша 12 қызметтік автокөлік бірлігін ұстау, арнайы экстрадициялық топтарды жіберу және анықталған әрі ұсталған қылмыскерлерді әлемнің әр түрлі елдерінен Қазақстан Республикасына экстрадициялау мәселелерін жедел шешуді қамтамасыз ету. <*> | Бір жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | 002 | Аумақтық органдардың аппараттары | Облыстық және оларға теңестіріл. ген прокуратуралар. ға жүктелген функцияларды орын. дау мақсатында бекітілген 4547 бірлікті штаттық лимитке сәйкес, тиісті норматив бойынша 360 авто. көлік бірлігін, 1465 компьютерді, 1040 принтерді ұстау. | Бір жыл ішінде | Қазақстан Республикасы. ның Бас прокуратурасы |
| 4 | 007 | Мемлекеттік қызметші. лердің біліктілі. гін арттыру | С.Есқараев атындағы Заңдылық, құқық тәртібі проблемала. рын зерттеу және прокуратура орган. дары қызметкерлері. нің біліктілігін арттыру институтын жүктелген функция. ларды орындау мақсатында бекітіл. ген 26 бірлікті штаттық лимитке сәйкес ұстау. | Бір жыл ішінде | С.Есқараев атындағы Заңдылық, құқық тәртібі проблемаларын зерттеу және прокуратура органдары қызметкерлері. нің біліктілі. гін арттыру институты |
| 5 | 008 | Мемлекеттік органдардың ғимараттары мен үй-жай. ларын күрделі жөндеу | Аумақтық прокура. тура органдарының ғимараттары мен құрылыстарына күрделі жөндеу жүргізу. | Бір жыл ішінде | Қазақстан Республикасы. ның Бас прокуратурасы |
| 6 | 009 | Мемлекеттік органдары материалдық- | Жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы. ның Бас |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | техникалық жарақтандыру | сатып алу және орнату: Компьютер толық жинақта Pentium 4 2600 Mhz/256Mb 333 Mhz/Net Card/Video 64Mb /HDD 40Gb ATA 100 7200rpm/3.5" 1.44/CD50X/Монитор 17"/мат. Плата 5 PCI slot 1-AGP/ желілі сүзгі/клавиатура (орыс.лат/қаз)USB, mouse optical scroll USB,-колонки (активті)/чипсет 865G/WindowsXP Pro/OfficeXP Pro. | | прокуратурасы |
| 7 | 100 | Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі комитетінің аппаратты | Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аппаратын жүктелген функцияларды орындау мақсатында бекітілген штат санының лимитіне сәйкес 107 бірлікті, тиісті норматив бойынша 3 автокөлік құралдарын, 121 компьютерді, 33 принтерді ұстау. | Бір жыл ішінде | Қазақстан Респуликасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 8 | 101 | Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі комитетінің аумақтық органдарының аппараттары | Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық органдар аппараттарын жүктелген функцияларды орындау үшін бекітілген 534 бірлікті штат санының лимитіне сәйкес, тиісті норматив бойынша 18 автокөлік бірлігін, 423 компьютерді, 233 принтерді ұстау. Арнайы жабдықтарды сатып алу - 24 бірлік, лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу - 1 бірлік, маршрутизатор - 13 бірлік, ноутбук - 2 бірлік. | Бір жыл ішінде | Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына жүктелген функцияларды уақытылы және сапалы орындау; прокуратура органдары қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру; санитарлық, өртке қарсы және басқа нормаларға сәйкес келетін еңбек жағдайларын жасау; республиканың прокуратура органдарының үздіксіз жұмыс істеуі, қылмыстарды ашу, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауапкершілікке тарту, қылмыстық іс-әрекет жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы. <*>

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
350-қосымша
502 - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Қылмыстық және жедел есеп жүргізу жөніндегі**
**мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимыл"**
**деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1750 мың теңге (бір миллион жеті жүз елу мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңының 56-бабы ; "Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының жүйесін одан әрі реформалау жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 22 сәуірдегі N 3465 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: қылмысқа қарсы күрес, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қоғамдық тәртіпті күзету міндеттерін шешу кезінде мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимыл.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: тараптардан мемлекетаралық ақпараттық банкіге келіп түсетін есепке алу материалдарының санына байланысты үлестік қатысушы нысандағы мемлекетаралық ақпараттық банкінің мазмұны.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет са. ны N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | Қылмыстық және жедел есеп жүргізу | Қазақстан Республи. касының үлес қаражаты бойынша | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Бас прокурату. |

| | | |
|---|---|---|
| жөніндегі мемлекетара. лық ақпарат. тық өзара іс-қимыл | Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігі Бас ақпарат орталығы. ның Мемлекетаралық ақпарат банкісінің ағымдағы төлемдерін төлеу. | расының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті. |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: мемлекеттік мүдделерден шығатын қылмыстарды алдын-алу, ашу және тергеу мақсатында жедел-анықтамалық, іздестіру, криминалдық және өзге есепке алынатын мәліметтерді ұсыну.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
351-қосымша

Ескерту. 351-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.12.03. N 197ад қаулысымен .

502 - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі комитетінің**
**ақпараттық жүйесін құру"**
**деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 202110 мың теңге (екі жүз екі миллион бір жүз он мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңының 56-бабы ; " Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңы ; "Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 16 наурыздағы N 573 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 28

наурыздағы N 1050 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтың алдын-алу мен қылмысқа қарсы күрестің 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметтің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1430 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтың алдын-алу мен қылмысқа қарсы күрестің 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 59 тармағы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйені жетілдіру мен дамыту танылады. Статистикалық көрсеткіштердің тұтастығын, уәжділігін және жеткіліктілігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасында қылмыстар, әкімшілік құқық бұзушылық және оларды жасаған адамдар туралы автоматтандырылған ақпараттық мәліметтер базасын құру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ақпараттық жүйені жетілдіру мақсатында ақпараттық базаны құру, дамыту және қалыптастыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет саны N | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі комитетінің ақпараттық жүйесін құру | 1. Орталық аппарат үшін үздіксіз қоректендіру көздерімен мәліметтерді сақтау 2 серверден тұратын кластерді сатып алу, орнату және жөндеу - 1 бірлік; үздіксіз қоректендіру көздерімен облыс деңгейіндегі серверлер - 20 бірлік; үздіксіз | 2004 жылдың қаңтар - желтоқсаны | Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті |

қоректендіру көзде. рімен дербес компьютерлер - 409 бірлік, лазерлік принтерлер - 329 бірлік, түрлі-түсті лазерлік принтер - 1 бірлік, абоненттік пункттер - 23 бірлік, кондиционерлер - 24 бірлік, желіаралық қорғаушы экраны - 1 бірлік, коммутатор. лар - 21 бірлік.
2. МББЖ-ға лицен. зиялар сатып алу - 28 бірлік.
3. Серверлер, кластерлер, орнату және ретке келтіру.
4. Локальді есептеу. ші желілерді монтаждау және жөндеу.
5. Ақпараттық жүйені дамыту.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: республика бойынша статистикалық есептің бірыңғай автоматтандырылған мәліметтер базасын құру және ақпаратты-статистикалық жүйені толығымен компьютерлендіру және автоматтандыру үшін жағдай жасау; құқықтық статистика субъектілерінің қызметтері және құқық бұзушылық, қылмыстар, оларды жасаған адамдар туралы ақпараттарды өңдеу және жинау жеделділігін арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына
352-қосымша

Ескерту. 352-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.12.03. N 197ад қаулысымен .

502 - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес"**
**деген 104 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 2626 мың теңге (екі миллион алты жүз жиырма алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңының 56 бабы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 16 мамырдағы N 394 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған стратегиясы; "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 28 наурыздағы N 1050 Жарлығының 4 тармағы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің нашақорлықтың жағдайын зерттеу және бағалау жөніндегі ұлттық ақпараттық-талдау орталығының материалдық-техникалық базасын нығайту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің нашақорлықтың жағдайын зерттеу және бағалау жөніндегі ұлттық ақпараттық-талдау орталығы үшін активтерді сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет са. ны N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 104 | Нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес | Ксерокстерді сатып алу - 12 бірлік. түрлі-түсті принтер - 1 бірлік, сканер - 1 бірлік. | жыл бойы | Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті. |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің нашақорлықтың жағдайын зерттеу және бағалау жөніндегі ұлттық ақпараттық-талдау орталығының материалдық-техникалық базасын нығайту есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жүйесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК